



Сыр бойы

2 сәуір, сейсенбі 2024 жыл

№ 50 (20724)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
<https://twitter.com/syrboyi>

/// ПРЕЗИДЕНТ

«ҚАМСЫЗ ОТЫРМАЙ, АЛДЫН АЛА ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК»



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

– Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Бұл нені білдіреді? Болжам жұмыстары мүлдем болмаған. Жағдай салалық мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Егер әкімдіктер жыл сайын су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараны тиісті деңгейде жүзеге асырғанда, ауа райы жағдайын ескергенде өзінде, апаттың салдары мен ауқымы мұншалықты болмас еді. Соған қарағанда, әкімдіктер бұл жұмыстармен айналыспаған. Қазір су тасқынынан төнетін қауіп сөйлісуге келмейді. Сондықтан Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадрлық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыру қажет. Сонымен қатар еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тарту керек. Алайда ең бастысы – мемлекеттік органдар. Ахуал кез келген сәтте ұшығып кетуі мүмкін. Қазіргі басты міндет – адам шығынына жол бермеу. Бұл орайда жіберілген қателіктер мен оқиықтарды ескеруіміз қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, құзырлы мемлекеттік органдарға және облыстардың әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілісін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа кол ұшың созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек.

Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мәселесіне Үкімет назарын аударды.

– Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанатын. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің («Қазушар», «Қазгидромет») жобалау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және т.б.) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсыныстар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс. Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың әкімдері жағдай маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көкпен түскендей абырап қалдыңыздар. Осы ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// ШТАБ ОТЫРЫСЫ

ЖАҒДАЙ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің зардаптарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысынан кейінгі мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларына су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Адам қауіпсіздігі бірінші кезектегі мәселе болғандықтан, бұл бағыттағы жұмыстар қатаң бақылауда ұсталуы тиіс.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы барлық өңірде су тасқынына қарсы жұмыстарды күшейту, ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді. Жағдайды қалыпқа келтіріп, шұғыл шаралар қабылдау үшін республикалық штаб құрылды. Осы жылдың 6 наурызынан бері Қызылорда қаласы аумағында мұз жүре бастады. Атап айтсақ, «Жетікөл-жарма» каналының сағасынан төмен 15 шақырым жерден бастау алды. 22 наурыздан бері облыс аумағындағы Сырдария өзенінің беті мұздан толықтай тазарды. Елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Бұған дейін бірнеше мәрте мәжіліс өткізіліп, мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берілді. Су деңгейін әуеден бақылады. Дегенмен, апат айтып келмейді. Барлық жағдайға дайын болуымыз қажет. Соңғы күндері жаңбыр мольнаған жауды. Сол себепті су тасқынының алдын алу жұмыстарын қатаң бақылауда ұстау қажет, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ СУ БАСУ ҚАУПІ ЖОҚ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

Мемлекет басшысы биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кеткенін айтты. Сонымен қатар, су тасқынынан төнетін қауіп сөйілмегенін айтып, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадрлық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыруды, еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тартуды тапсырды.

Мемлекет басшысы Үкіметке, құзырлы мемлекеттік органдарға және облыстардың әкімдеріне су тасқынынан зардап шеккендерге тиісті барлық көмек көрсету, бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану міндетін жүктеді. Жауапты сәтте бизнес өкілдерін, компанияларды, жер қойнауын игерушілерді халыққа кол ұшың созуға шақырды.

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеуге, қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауға, Су ресурстарын басқару жүйесін дамытуға 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын қайта қарауға Үкімет назарын аударды. Су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты.



Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарға мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп беретінін ескертіп, алаңдамауға шақырды.

Республикалық штаб отырысынан кейінгі облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте су тасқынына қарсы дайындық пысықталды.

Осы жылғы 6 наурыздан бері Сырдария өзенінің Қызылорда қаласы аумағында мұз жүре бастады. 22 наурыздан бастап өзен беті мұздан толықтай тазарды. Бүгінгі күнге облыс аумағына секундына 349 текше метр көлемінде су түсуде. Айта кетейік, өткен жылдың есепті кезеңінде 352 текше метр түскен болатын. Аймақтағы 7 су қоймасының 6-уы қарғын су алып, 100 па-

йыз толған су қоймалары транзиттік режимде жұмыс жасауда. Оларда кезекшіліктер ұйымдастырылып, жағдай тұрақты бақылау алынған. Елді мекендерді су басу қаупі жоқ.

Бүгінде Қостанай облысындағы су тасқынының зардаптарын жою үшін облыстан 6 арнайы техника, 31 құтқарушы көмекке жіберілді. Жиын соңында аймақ басшысы су тасқынының алдын алу шараларын қатаң бақылауда ұстап, еліміздің зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсетуге дайын болуды тапсырды.

Сондай-ақ мәжілісте егін егу науқаны, өрт қауіпсіздігі, коммуналдық сала қызметіндегі мәселелер қаралып, барлығы тұрақты қадағалауда болуы керектігі ескертілді.

СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысында аймақтағы спорт саласына жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері талқыланып, проблемалық мәселелер мен «Қайсар» футбол клубының қаржылық жағдайы пысықталды.

Талдау нәтижесімен мамандардың жұмысқа орналасуына, спортшылардың іссапар шығындарының мақсатты жұмсалыуына, спорт клубтарының жұмысын ұйымдастыруға қатысты бірқатар кемшілік анықталды.

Осыған орай, аймақ басшысы тиісті лауазымды тұлғаларға аталған кемшіліктерді шұғыл түрде қалпына келтіріп, кінәлі қызметкерлерді жауапкершілікке тарту туралы тапсырма жүктеді.

Спорт – ұлт саулығының кепілі. Осы орайда спорт саласын дамыту жұмыстары жалғасуда. 2023 жылы 23 желтоқсанда облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы құрылды. Басқарма – барлық мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Өткен жылы атқарылған жұмыстардың арқасында өңір халқының 39%-ы бұқаралық спортпен айналысуға мүмкіндік алды, олардың саны 328 597 (ауылдық жерде 192 535) адамға жетті. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 12497 адамға артқан.

Өңірде спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету 44%-ға өсті. Инфрақұрылымды одан әрі дамыту, халықтың денешынықтыру және спортпен айналысуын ынталандыру үшін аймақта заманауи спорт нысандарының саны артып келеді.

«Балалар жылы» аясында 80 балалар және спорт алаңы пайдалануға берілді. Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттерден 5 458,1 млн теңгеге 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, 9 кешен қолданысқа берілді. Сол жағалаудан халықаралық талапқа сай келетін, жүзу бассейні бар денешынықтыру-сауықтыру кешенінің, осы жылы үстел теннис орталығының құрылысы басталды.

Еуропалық стандарттарға сәйкес келетін, 10 000 адамға арналған заманауи Орталық стадионының құрылысы жүргізілуде. Спортшыларымыздың нәтижесі көңіл қуантарлық. ҚР Ұлттық құрама командасына облыстан 552 спортшы енген.

Бүгінде 2024 жылдың басты спорттық додасы – Олимпиада және Паралимпиада ойындарына 2 жолдаса бар. Дүбірлі додада Қ.Қоңқабаев бокстан, Э.Қасқабаев, Ш.Медеев отырып ойнау волейболынан ел намысын қорғайтын болады.

«Қайсар» командасын қаржыландыру мәселесі өзекті. 60 жылға жуық тарихы бар Сырдың бас футбол командасының жанкүйерлері жыл санап артып келеді.

Биылғы маусымда Сыр спортының жанкүйерлері «Қайсардан» жақсы жаңалықтар күтеді. Жергілікті футболды дамытуға жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Былтырдан бері команда жұмысын ұйымдастыруда бірінші кезекте бюджет қаражатын үнемдеу әрі сапаны арттыру міндеті қойылды.

Өткен жылы футбол клубына 1,2 млрд теңге қаралып, «қайсарлықтар» Премьер-лиганың турнирлік кестесінде 6-орынды иеленді. Бұл алдыңғы жылдардағы бөлінген қаражатпен салыстырғанда біршама төмен, әйтсе де көрсетілген нәтижені мамандар да, жанкүйерлер де жақсы деп бағалады.

Бұған дейін 2018 жылы футбол клубына 3 млрд теңге, 2019 жылы 4,15 млрд теңге бөлінген.

Облыс әкімі «Қайсар» футбол командасының құрамында ойнайтын легионер ойыншылардың жаалақысы жоғары екенін ескеріп, келесі жылдан бастап команда сапына жергілікті ойыншыларды тартуға және жас футболшылар клубын дамытуға күш жұмсалуды қажет екенін айтты.

Келесі жылы «Қайсарға» мүмкіндігінше жергілікті ойыншыларды тарту жолдарын қарастыру, жақсы нәтижелерге жету талабы қойылмақ.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// САРАП

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ: ЖҮЙЕЛІ ШАРАЛАР ҒАНА НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Экономикалық көрсеткіштің бағыт-бағдары мемлекеттің жұмыспен қамту әлеуетіне тікелей қатысты. Оның ішінде жастардың үлес салмағы көптеген саланың болашағы қалай құбылатынын айқындайды десек, артық емес. Осы орайда «Қазақстан үшін алаңдауға себеп бар ма?», «Өлеңді қауымдастық қандай баға береді?», «Аймақтағы ахуал қалай?» деген сауалдарға жауап іздеген орынды секілді.

Өткен жылы жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға жеткен. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 9 млн адам жұмыспен қамтылған. Олардың 6,9 миллионы жалдамалы қызметкер болса, 2,1 млн адам – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Жұмыссыз адамдардың саны 453,5 мың екені белгілі болды. Ал жастардың жұмыссыздық деңгейі 4,1 пайызды құраған. Бұл – жылжабар дерек.

Жасыратыны жоқ, жыл сайын Үкіметтің сірескен есеп-қисабы мен амбицияға толы жобалары қоғам үшін мүмкіндік есігін ашды. Оның үстіне, бөлінген миллиардтаған қаржы мен мінберде

айтылған жобалар да дәлелі жұртқа үміт сәулесіндей көрінетіні бар. Мұны айтаудағы басты себеп, мемлекет тарапынан тапшы болғанымен, салада айтарлықтай өзгеріс байқалмайтынды. Мамандар арасында мемлекеттегі негізгі индикатор – инфляция деңгейі өсуде, кедейшілік көрсеткіші мен жұмыспен қамту баланы сәйкес келмеді деген пікір басым. Мұны Дүниежүзілік банктің наурыз айындағы жариялаған «More Better and Inclusive Jobs in Kazakhstan» атты есебі де растап отыр. Қазақстанның еңбек нарығын сараптауға арналған 36 беттік қорытындыда елдегі жұмыспен қамуды тежеуші фактор, алға жылжу мүмкіндігі секілді тақырыпты кенінен талдаған.

Ұйым есебіне шолу қорытынды бөлімге жүк болсын, бастысы – аталған тақырыптың аймақпен бақысқан тусын саралау, осы бағытта атқарылған істі сараптау. Сонда ғана мәселенің елдегі ғана емес, өңірдегі болашағын байыптауға мүмкіндік тұмақ.

3-бет

«ҚАМСЫЗ ОТЫРМАЙ, АЛДЫН АЛА ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК»



Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Оның айтуынша, әкімдіктер еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуі керек.

Мемлекет басшысы Үкімет бекіткен Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын сынға алды. Оның пікірінше, тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары декларативтік сипатта не. Құжат су тасқыны салдарынан болатын шығынның алдын алу және азайту мәселесін кешенді түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан тұжырымдаманы қайта қарау жөнінде міндет жүктелді.

– Құзырлы мекемелер, яғни әкімдіктер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс жасамайды. Жауапкершілік алудан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий – мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және әкімдіктер

1-бет

арасында нақты әрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл – министрліктің негізгі мақсаты. Осы мәселеге баса назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруға тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде су ресурстары, ирригация салалары бойынша техникалық мамандардың тапшылығына назар аударды. Осыған қатысты Үкіметке шұғыл түрде шешім қабылдауды тапсырды.

– Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің жұмыстарыңызды немқұрайлы және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен мате-

риалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әл-ауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамандықтар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады, – деді Президент.

Отырыс барысында Премьер-министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұханбетов, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев баяндама жасады.



КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен және құқық қорғау органдарының бірінші басшыларының қатысуымен облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Комиссия отырысында әртүрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жоспарының орындалуы, ауыл шаруашылығы жерлерін бөлу, осы саланы субсидиялау-

да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері қаралды. Сонымен қатар, облыстың спорт саласына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері, құрылыс мерзімі ұзаққа созылған объектілердің қазіргі жағдайы және проблемалық нысандардың санын қысқарту бойынша атқарылған жұмыстар талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерімен күреске қатысты қосымша ұсыныстар айтылды.

Жиында облыс әкімі жауапты сала басшыларына ауыл шаруашылығы жерлерінің нысаналы мақсатына сай пайдаланылуын қадағалауды және субсидиялауға бөлінген бюджет қаражатын тиімді игеруді тапсырды. Оған қоса, спорт саласына жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою, құрылыс мерзімі ұзарған және тапсырылуы кешіктірілген әлеуметтік нысандардың сапалы аяқталуын қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

ЕКІ АЙЛЫҚ АКЦИЯ

Қызылордада «Санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру» атты екі айлық акция өтуде. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалауда жаңадан бой көтерген автовокзал аумағына тал егілді. Оған облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Серік Қожаниязов, мәслихат депутаттары және басқарма басшылары қатысты.

Тал егу акциясы аясында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі 15 мың көшетті тегін таратты. Қазір аймақтың елді мекендеріне көшеттер отырғызылуда. Қызылорда қаласы мен аудандарда әр апта сайын тазалық сенбілігі өтуде.

Айта кетейік, Дүниежүзілік банктің Қызылорда қаласы аумағында жасыл желек өсіру жобасына сәйкес,

өткен жылы көктемде Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі Тартоғай орманшылығының «Қалмас» учаскесіне 3000 гектар сексеуіл көшеті егілді. Жобаның мақсаты – «Қызылорда-Жезқазған» автожолы бойына жасыл белдеу құру.

Бұған қоса, осы жылдың 15 наурызынан бастап орман екпелері 300,000 сексеуіл көшетімен толықтырылды. Бүгінде сексеуіл екпелерін егу жұмыстары 100 пайыз бітті.



Суретті түсірген Бағдат Есенов.

Қызылорда облысы әкімі аппаратында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша қабылдаудың 2024 жылдың II тоқсанына арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналинов Данияр Еренғалиұлы (облыстық экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, бақылау, білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар және жұмылдыру дайындығы басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау. Сонымен қатар, облыстың құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсеңұлы (облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, сәулет және қала құрылысы және жолалықтар көлігі және автомобиль жолдары басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Зәбешев Ардақ Темірханұлы (облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм (туризмнің инфрақұрылымын дамыту, иштелдікті қоса алғанда туристік салаға инвестицияларды тарту) басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау және «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұртай Қайрат Ырзақұлды (Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараттары арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмардан Асқарұлы (облыс әкімінің аппараты, цифрландыру, облыстық қоғамдық даму, мәдениет, архивтер және құжаттама, дін істері, денешынықтыру, спорт және туризм (денешынықтыру және спортты дамыту) басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазылу Қызылорда облысы әкімдігінің ғимаратында мына мекенжай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

ЖАҒДАЙ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС



Мәжілісте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасына су тасқынына қарсы іс-шаралардың «Жол картасына» енгізілген 5 ірі жоба бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлу жұмыстарын пысықтау міндеті жүктелді. «Қазсуар» Қызылорда филиалы тенгеріміндегі су қоймаларының техникалық жағдайына қатысты зерттеулер қорытындысына сүйеніп, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болмақ.

1-бет

тау бөктерінен түсетін қарғын суды тиімді пайдалану үшін жасанды су қоймаларын салу жолдарын зерделеп, ұсыныс енгізу, Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаевқа су тапшылығының жылдан-жылға күрделенуіне байланысты «Құмсай» су қоймасын тиімді пайдалану шараларын қарастыру міндеті қойылды.

Сондай-ақ облыстық ветеринария басқармасы мал басын өзектендіру жұмыстарын күшейтуі, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы жем-шөпті жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алуы керек. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мамандары ертен облыс аумағындағы барлық су қоймаларының жағдайын зерделеп, қажет болса ұсыныстар енгізуі тиіс.

2024 жылғы 31 наурызда Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына өткен сайлау қорытындысы туралы хабарлама

2024 жылғы 31 наурызда №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті.

Сайлаушылар тізіміне 30826 азамат енгізілді. Дауыс беруге – 18397 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 18 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны – 3.
№15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:
Батыржан Көмеқбайұлы Қарақозовке сайлаушылардың 3459 дауысы берілді, Гүлшат Исақызы Мұсаеваға сайлаушылардың 12367 дауысы берілді, Асхат Қасымұлы Шауқенбаевке сайлаушылардың 1970 дауысы берілді, «Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 566.

Сайлау қорытындысымен №15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты болып Мұсаева Гүлшат Исақызы сайланды, 1967 жылы туған. «AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, Қызылорда қаласында тұрады.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Қызылорда облысы аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Наурызбай Сейткалиевич Байқадамовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 5) тармақшасына, 73-бабына сәйкес Қызылорда облысы аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 28 наурыздағы шешімімен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидат ретінде тіркелді:

Наурызбай Сейткалиевич Байқадамов, 1967 жылы туған, қазақ, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы, «AMANAT» партиясының мүшесі, Қызылорда қаласында тұрады, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына 2024 жылғы 31 наурызда өткен сайлаудың қорытындылары анықтау және жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 9, 14, 44 және 111-баптарына сәйкес № 15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланатын Қызылорда облыстық мәслихатының депутатын сайлау нәтижелері туралы округтік сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. № 15 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына сайлау өтті деп танылсын.
2. Гүлшат Исақызы Мұсаева Қызылорда облыстық мәслихатының сайланған депутаты болып есептелсін.
3. Қызылорда облыстық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына 2024 жылғы 31 наурызда өткен сайлаудың қорытындылары туралы қоса беріліп отырған хабарды жариялау үшін облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттері айқындалсын.

4. Осы қаулы «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жіберілісін және Қызылорда облысы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парағында «Сайлау» тарауында орналастырылсын.

Төраға А.Ереултанов
Хатшы А.Сырлыбаева

Қызылорда қаласы
2024 жылғы 31 наурыз
№44/46 қаулы



Фото: Аймак әрқарызы

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ:

жүйелі шаралар ғана нәтиже береді

Жоспар мен жол басы

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сала басшылармен кездесуде жұмыспен қамту ісіндегі оқылықты, еңбекпен қамту халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың маңызды бағыты екенін баса айтуда. Өткен жылы әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі кеңесте Президент Үкімет пен әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берген болатын. Тіпті оның 2,2 миллионы жастар болуға тиіс дегенін естідік. Кейін еңбекпен қамту алгоритмін ұсынып, әкімдерге аймақтағы жұмыс нәтижесін тұрақты түрде баяндауды тапсырды.

«Елімізде аймақтардың жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген. Ол үшін бюджеттен 130 млрд теңге бөлінді. Осы субсидия арқылы 150 мың адам жұмысқа орналасты. Оның бәрі – жастар және әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтар» деді Мемлекет басшысы.

Осыған орай түрлі бағдарлама мен жоба жүзеге асып, бұл бағыттағы жоспардың жана кезеңі басталды. «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытуға 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде 15305 адамды қамту жоспарланып, өңірлерде аймақтық карталар қолға алынды. Мысалы, облыста «2024 жылға арналған өңірлік жұмыспен қамту картасы» қабылданып, 46475 адамды жұмыспен қамту белгіленген. Оның 60 пайызы жастардың үлесінде болмақ.

Облыс: Қандай қадам жасалды?

Орайы келгенде аймақтағы жұмыспен қамту ісіне салмақ бере баяндайық. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, облыстағы жастар саны – 244 865 адам. Бұл – жалпы халықтың 29,1 пайызы. Соның ішінде өткен жылы жұмыспен қамту органдарына 9524 жас тіркелген. Олардың 65 пайызы – орта білімнен кейінгі білім, 35,9 пайызы – орта техникалық білім, 74,6 пайызы – жоғары білім, 78,9 пайызы – жоғары оқу орнынан кейінгі білім иегерлері.

Жастарды жұмыспен қамту бағытында қандай шарша іске асытыны білу үшін облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен байланысып бірақтар сауал қойған болатынбыз. Білгеніміз, биыл өңірлік карта шеңберінде 280 жоба бойынша 171 жұмыс орны, «10 мың адамға 100 жұмыс орны» құру тапсырмасына сәйкес 466 жұмыс орны құрылған.

Бүгінде жастарды еңбекпен қамту жобалары жақсы нәтиже көрсетуде. Көбі бірнеше жылдан бері жүзеге асып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуде тәжірибелі мамандар қатысқан. Биыл да жалғасын тапқан бағдарлама бойынша жұмысқа орналасқандар саны басым. Мәселен, жыл басынан бері «Жастар тәжірибесі» арқылы 434, «Әлеуметтік жұмыс орындары» арқылы 45, «Ақылы қоғамдық жұмыс» арқылы 2071, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы негізінде 34, «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы аясында 4 жас жұмысқа жолдана алған. Бұдан өзге 617 жас жұмыс орындарына орналастырылды.

Айта кетерлігі, ел арасында бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің көмегімен екі қолға бір күрек тапқан азамат саны артқан. Бұл жұмыс беруші мен мемлекеттің бірлесіп ұйымдастырған жүйелі шарашының жәрдемі екені сөзсіз.

Жалпы жұмыссыз жастарды ақпараттандыру мақсатында «Мансап орталықтары» тұрақты түрде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін өткізіп келеді. Жыл басынан бері 16 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылған. Онда 211 жұмыс берушіден 952 бос жұмыс орны ұсынылып, жәрмеңкеге қатысқан 1002 жұмыссыздың ішінде 316 адамға тұрақты, 29 адамға уақытша жұмыс табылды. Жәрмеңке арқылы жұмыспен қамтылғандардың 78,7 пайызы – жұмыссыз жастар.

грант алған кәсіпкердің 52,4 пайызы кәсібін жауып тастағаны анықталған. 2021 жылы 26, 2022 жылы 1463, 2023 жылы 2562, 2024 жылдың 2 айында 555 кәсіпкер жұмысын тоқтатыпты.

– Биыл субсидияланатын жұмыс орындарына бөлінген қаржының мақсатқа сай жұмсалудына мониторинг жүргізілді. Шара қорытындысына келсек, Қызылорда қаласы бойынша мониторингтік топ 344 адам жұмыс жасайтын 70 мекемені аралады. Бұл мекемелерде «Ақылы қоғамдық жұмыс», «Алғашқы жұмыс орны», «Жастар тәжірибесі», «Әлеуметтік жұмыс орны», «Күміс жас» секілді бағдарлама аясында еңбек ететін жастар бар. Жұмыс нәтижесі облыс орталығындағы «Мансап орталығы» филиалына жолданды. Бұл бағыттағы талдау жыл көлемінде жүргізілетін болады, – деді басқарма өкілі.

Негізінен кейінгі 3 жылда басқарма қолдау көрсеткен кәсіпкерлер қазына 358 млн теңге түсім әкелген. Оның ішінде ең көп үлесі, яғни 246,7 млн теңге өткен жылдың енішінде. Демек, жыл сайын мемлекеттік кіріс ұлғаюда.

Реверс: еңбек адаптациясы мен экономикалық дисбаланс

Бағдарлама санын арттыру, қаржы көлемін көбейту, жұмыс орнын құру жақсы-ақ. Алайда сөз басында айтқандай, сірескен сан экономикалық балансына шынымен пайда әкеліп жатыр ма? Мәселе осында. Сондықтан сәтті туғанда күрмеулі тақырыптың тасадағы көс тіні – экономикалық баланс пен ұзақ перспективалық әлеуетін тарқатайық.

Дүниежүзілік банктің ай басында жариялаған дерегін айттық. Онда Орталық Азия елдерінің, соның ішінде Қазақстанның еңбек нарығы туралы мәліметтен түсінгенімізді келтірейік. Есепте жұмыспен қамтылған жастар үлесінің маңызы, елдегі еңбек миграциясы мен урбанизация дамуының келешегі сарапталған.

«Жұмыс орындарын көбейту үшін қаламыз инфрақұрылым маңызды. Себебі негізгі жұмыс көзі қалада орналасқан. Галамдық тәжірибе көрсеткендей, бұл урбанизацияның өркендеуіне әкеледі. Қазақстанда экономикалық өсім қалаға келген жұмыс күшінің есебінен дамуда. Алайда Астана, Алматы, Шымкент еңбек миграциясына жайлы орта қалыптастырғанымен, өзге өңірлермен салыстырғанда еңбеккерлердің алшақтығын тудырып отыр. Бұл шалғай өңірлердегі жұмысқа қабілетті азаматтардың аталған қалаларға көшуін жылдамдату» деген баға берген Дүниежүзілік банк.

Сонымен қатар Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы, IT саласының «көзі» екенін жеткізген. Әсіресе, кәсіпкерлерге жерді қалға беру, қойма жүйесін дамыту, логистикалық компанияларға мүмкіндік беру реформасының артықшылығына тоқталды. Бұл ретте мемлекет еркін бәсекелесу жолын беріп, кәсіп иелеріне шектен тыс «өбектемеуі» керек екен. Сонда ғана кәсіпке сұраныс артып, еңбек нарығында бірбізділік болмақ.

Бағдарлы басым бөлігі – экономикалық баланс. Ұйым пікірінше, еліміз экономика секторын әртарапандыруға жүзеге асырмаса, болашақта еңбек нарығындағы жобалар нәтиже бермейді. Себебі қазіргі жұмыс орындарының салалық бағыты тар, жастар бәсекеге қабілетті мамандықта жұмыс істеу мүмкіндігін айырылуы ықтимал. Бұл өз кезегінде экономикалық балансты жояды.

Ұйым объективтілік шеңберінен шықпау үшін Үкіметтің аймақтардағы жұмыспен қамту жоспарына өз баға берген. Әсіресе өңірлердегі қайтарымсыз гранттар мен әлеуметтік көмектердің тиімділігін айта кеткен.

Енді қазақстандық мамандардың алаңына ойсайық. Ол – ұзақ перспективалық әлеуетке байқам қарау. Көбінің пайымына, жастар мемлекет ұсынған жұмыспен қамту бағдарламаларынан бас алып қашады. Оған бірнеше себеп бар. Алғашқысы – бағдарлама ұсынатын жалақының нарықтағы көрсеткіштен аздығы. Кейінгісі – жас буынның әкімшілік басқару, қаржы, заң саласы секілді танымал мамандықта жұмыс істеуге қызығушысы. Салдарынан көп азамат мемлекеттік бағдарлама бойынша орналасқан мамандығын игере алмай, еңбек адаптациясынан өте алмағасын жұмыстан шығуға асығады. Міне, осы екі себеп жобалардың жүзеге асуына, ұзақ перспективалық әлеуетін ашуына қолбайлау болып отыр.

П.С. Қатарлас елдер, Орталық Азия мемлекеттері арасында Қазақстан ЖӨӨ бойынша көп басында. Демек, экономикалық әлеуеті әлі қалпында дегенді білдіреді. Бұл – еңбек нарығын жүйелеуге, жұмыс орындарын ашуға қажетті негізгі көрсеткіш. Демек, үміт пен жаңалық алда.

Ерсін ШАМШАДИН, «Сыр бойы»



Фото: Аймақ әрқарызы

Ата-ана – отбасының алтын дінгегі. Балаларының күндей нұрлы шуағы, арқасүйер тірегі, берік қорғаны, мейірімді панасы. Осы дүниеге келуге себепші болған әуелі Алладан кейінгі сүйеніміз. Ана мен әкені ардақтамайтын халық жоқ. Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафин: «Ата-ананың қадірін білмеген, халық қадірін білме» деген екен. Осы айтылғандай, әке-шешеге деген перзенттік парызын адам баласы ешқашан өтеп бітпейді. Өйткені бұл еңбекті ештеңемен өлшеуге, салыстыруға келмейді. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» демекші, ата-анасы бар кез келген жан бақыты, бай.

Десек те, өмірде ештеңе мәңгілік емес. Әке-шеше де жанымызда мәңгі жүрмейді. Оларды ешкім өлімге қимайтын рас. Өмір де, өлім де – Жаратқанның қолындағы іс. Жаның қайтырып, қабырғаң қайысқанмен, мына жалғанда жазмыштан озмыштың жоқ екеніне шарасыз мойынұсынамыз.

«Әкесі өлген – асқар тауы құлағанмен бірдей, Шешесі өлген – ағар бұлағы суалғанмен бірдей» деп жазды. Өмірден өткеніне 20 жыл болған Серікбай Ибаділлаұлының өнегесі мен еңбек жолы ұрпақтарына үлгі. Ол 1929 жылы Сырдария ауданына қарасты 6-ауылда дүниеге келген. Әкесі Ибаділла Әбдірәсіулы белгілі қоғам қайраткері, ел басқарған, халықтың сый-құрметіне бөленген, сауатты азамат еді. Сауда керуендері Ираннан бастап Аралға дейін барған. Барлық жұмыста еңбеккерлердің, Қошым Қожа әулетінің басқарушысы, қамқоршысы екен. Анасы Қамыла Алдабергеньқызының әкесі оқымыстылығымен, діни ілімімен ерекшеленген. Серікбай Ибаділлаұлының Сәрсенқұл Жарықасын есімді бауырлары болды.

1933 жылы Ибаділла ата Совет үкіметінің сол замандағы қуғын-сүргінге ұшырап, қаза тапқан. Өйелі 3 баламен жесір қалып, маңдай тері, қайсарлығы арқасында оларға өнегелі тәлім-тәрбие, білім беріп, үлкен өмірге лайықты азамат етіп жеткізген.

Серікбай Абдірәсіулы 1948 жылы Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, ауылға оралған соң еңбек жолын мектепте мұғалімдіктен бастаған. 1949 жылы Бибісара Қамысбаевамен отау құрады. Сол жылы Смоленск облысы Красный бор қаласында теміржол әскери бөлімшесінде Ұлы Отан соғысы кезінде жойылған маңызды теміржол магистралін қайта қалпына келтіруге атсалысып, 4 жыл бойы әскери борышын өтеген.

Елге оралған соң сол кездегі қылмыспен күрес шараларының күшейтілуіне байланысты комсомолдық жолдामамен ішкі істер органдарына қабылданып, Баку қаласындағы жоғарғы милиция мектебіне жіберіледі. Оқуды үздік аяқтағаннан кейін елге оралып, 1987 жылға дейін облыстық ішкі істер органдарының барлық салаларында (қылмыстық іздетіру, БХСС, МАИ, авторушарушылық бағыттарында) басшылық қызмет жасаған.

Тағы бір айта кететін, қызметін адал атқарғаны үшін КСРО Ішкі істер министрлігі тарапынан «Милиция үздігі» атағы берілген. Сонымен қатар ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызмет үшін» медалімен және басқа да мемлекеттік наградалармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ол білімге деген құштарлығының арқасында бірнеше оқу орнында үздік білім алған. Қызметте де, күнделікті өмірде де ағайын-туысқан арасында өзінің әділдігімен, білім-

ділігімен, сауаттылығымен, жақсы қасиеттерімен абыройға бөленіп, сыйлы болған күйі өмірден өтті. Адами болмысы бөлек, адамгершілік қасиеті мол еді. Адал жар, ұрпақтарына үлгі-өнегелі әке, құдаларын құдайындай сыйлайтын кішіпейілдігі, қоғам қайраткері Ғабиден Мұстафин: «Ата-ананың қадірін білмеген, халық қадірін білме» деген екен. Осы айтылғандай, әке-шешеге деген перзенттік парызын адам баласы ешқашан өтеп бітпейді. Өйткені бұл еңбекті ештеңемен өлшеуге, салыстыруға келмейді. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» демекші, ата-анасы бар кез келген жан бақыты, бай.

Бибісара Жұмаділлақызы 1931 жылы дүниеге келген. Ұзақ өмір сүріп, отбасының ұйтқысы, туған-туыс, құла-жекжаттын сыйластығы мол, көрші-көлеміне ақшылы, тірек болған жайсаң жан еді. Ең бастысы – әйелдің міндет-мұратын орындаған, аналық борышын адал атқарған, ұл-қыздарына жақсы тәрбие беріп, білім алуына ерекше назар аударған. Осындай үлгілі де бақытты отбасында екі ұл,

латбекқызы ғылыми атағын қорғап, жоғары оқу орындарында қызмет жасап, бүгінде жеке кәсіпорынның иесі. Жібек – жеке кәсіпкер, Рамазан – шетелде белгілі университеттерде білім алған, ірі банктің жауапты қызметкері. Өмірдің жалғасы – бала. Болат аға мен Бақыт жемісі немерелерінің қызығын көруде.

Кіші ұлы – Талғат Серікбайұлы ата-анасын алақанына салып, бар қызметін жасап, мейірім-шапағатын төккен жан. Отыз жыл бойы құқық қорғау органдарында жоғары лауазымдарда болды, қазір Қаржы мониторингі агенттігінде басшылық қызмет атқарады. Полковник, жары Айгүл екеуі Нұрзаман, Қамила, Сания атты ұл-қыз тәрбиелеп, солардың қызығына бөленуде.

Светлана Серікбайқызы Астана қаласында тұрады. Ол халық саулығын, әсіресе

Нұрсұлтан мен Бексұлтан атты ұлдары заман талабына сай лайықты білім алды, ғылым магистрлері, квазимемлекеттік секторда, Қазақстанның және дүние жүзіне белгілі халықаралық компанияларында әртүрлі басшылық лауазымдарда жұмыс жасайды. Райхан Жұбайы Бейбіт екеуі – немерелеріне, ұрпағына тілекші ата-әже.

Роза Серікбайқызы Қызылорда қаласында тұрады. И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық жоғары колледжінде оқытушы болып жұмыс істейді, өңірге қажетті кадрлар даярлаумен айналысады. Жұбайы Төрәлі – елімізге белгілі ресторатор, ірі кәсіпкер. Қызы Жанар халықаралық ақпараттық технологиялар компаниясында басшылық қызметте, ұлы Қуаныш бизнес саласында, кіші ұлы Әлі мектеп қабырғасынан түлеп ұшқалы тұр. Жары екеуі тәп-тәтті немерелеріне сүйініп, марқайып жүрген жайы бар.

Сауле Серікбайқызы Алматы қаласында Халықаралық бірлескен кәсіпорында кадрлар департаментін басқарады. Ұлы Ернұр университетті ойдағыдай бітіріп, Алматы қаласындағы халықаралық басқарушы компанияда бөлім басшысы болып жұмыс жасайды.

Қарап отырсақ, Серікбай әкемізбен Бибісараанамыздың қыздары барған жерлерінде әлепті келін атанған, ұрпақтар сабақтастығын жалғап, үлкен әулеттің ауялы анасы әрі әжесі, сүйікті жұбайы болған, әйелдік міндет-мұратын орындаған, медицина, мұнай-газ, ағарту салаларының білікті мамандары, отбасымен және бала тәрбиесімен қатар үлкен қызметтерді мінсіз атқарып жүр.

Екі ғылым докторы, екі құқық магистрі шыққан, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық әулетті халық әрдайым мақтаныш тұтатыны әсте анық. Ата-анадан алған ұлағатты тәрбиені балалары үлгі ретінде өз ұрпақтарының бойына сңіре білген. Соның нәтижесі болар, бүгінде немерелері әлемнің дамыған елдерінде, атап айтқанда АҚШ, Еуропа, Канада мемлекеттерінде, Астана халықаралық қаржы орталығында, ағарту және басқа да мемлекеттік салаларда абыройлы қызмет атқарауда. Лайым, ұрпақтарына Құдайдың көзі түзу болып, аға-аналарының ұлағатты өмір берсін деп тілейміз.

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деген рас екен. Шүкір, ардақты әкенің осындай асыл қасиеттерінің арқасында қазір балалары өмірден өз орындарын тауып, зиялы қауыммен араласып, абыройлы қызмет атқарауда. Барлығының өмірдегі мақсаты – ата-ана сңірген тәлім-тәрбиені нық ұстап, салған ізінен адалдай, олардың ұлы мұратына адалдық таныту, осылайша асқар тау әке мен алтын ананың алдындағы перзенттік борышын адалдықпен өтеу.

Қасиетті Рамазан айында ұл-қыздары мен немерелері ардақты ата-анасы Серікбай мен Бибісарааны еске алу құрметіне орай Сыр бойында көзқорғандардың, ол кісілерді отырып, еліміздің білім мен мәдениетінің дамуына корпорация тарапынан қолдау көрсетуге көңіл бөледі. Ұлы-британияда докторлық диссертациясын қорғап келген, сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқытушылық қызметпен де айналысады. Жұбайы Бейбіт Серікбайұлы білім беру жүйесінде, мұнай-газ саласында жұмыс жасаған, қазіргі уақытта басқарушы компанияда қызмет атқарады. Райхан – екі баланың анасы.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

БРИФИНГ

Тағылымдама – таптырмас мүмкіндік

Кез келген ғылыми жетістіктің алғышарты білім мен ізденістің іс жүзінде жасалуы болса керек...

Қыркүйек айының 25-нен тағылымдама бағдарламасы бойынша тәжірибелерге кіріскен қос оқытушы оны желтоқсан айында аяқтап, елге оралған.

Арнайы бағдарламаға бір жыл бұрын дайындықты бастаған ұстаздардың айтуынша, тағылымдамадан өту үшін ғылыми дәреже мен аталған шетелдік университеттен арнайы шақыртудың болуы басты шарт.

Ханалық жұмыстардан бөлек университеттегі дәстүрлі сабақтарға да қатысып, студенттердің білім алу жүйесіне де қанық болды.

Университет ауысуы мен ағынды судың сапасын жақсарту бағыты бойынша Еуропа елдерімен, ал Азияда Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерімен тығыз байланыста.

Әрине, ауысу бағыты бойынша эксперименттерді іске асыру үшін облыста дәл Швейцариядағы зертханалардың жолына мән берілді.

Негізінен тағылымдамалар 1 жылға созылады. Біз ең қысқа мерзім – 3 айға барып, тәжірибе алмастық. Шыны керек уақыт аздық етіп қалғандай.



Жұмыстарымызды аяқтап үлгермесек те, онлайн байланыс арқылы тәжірибелік зерттеулерімізді елге келіп қорытындыладық.

Швейцарияның табиғаты мен тұрғындарының өмір сүру сапасын білетін боларсыздар.

Соның ішінде ауысуы мен жалпы судың сапасы бойынша әлемде алғашқы орында тұр. Тағылымдамадан өткен университеттің бір корпусының өзінде 10-нан аса ғылыми зертхана бар.

Жабдықтарға тапсырыс берді. Университет тарапынан ауысу сапасын жақсарту үшін зерттеу жүргізуге, құралдарын саып алуға қолдау көрсетілуде.

Әрине, алғашқы жылдар үшін осы құрылыстармен жұмыс істеудің өзі үлкен жетістік.

оқу орнының білім алушыларына арнайы дәріс оқыған болатын. Университет ұстаздары қазір ол кісімен тығыз байланыста.

Айта кетейік, тағылымдамадан оралған соң Тасбөгет кентінде зерттеу жұмыстары басталған.

– Ондағы студенттердің қызылордалық студенттерден айырмашылығы – ұстазымен тең дәрежеде сөйлесе алуында.

– Ондағы студенттердің қызылордалық студенттерден айырмашылығы – ұстазымен тең дәрежеде сөйлесе алуында.

– Әлем елдеріндегі су сапасын жақсарту тақырыбы бойынша дәріс оқып, семинарлар өткізіп жүрген кәсіби маман.

Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»



Ғасырлар қойнауындағы сыр

Швейцарлық археологтар 170 күміс монетадан тұратын қазына тауып, оның жасалған мерзімі XII ғасыр ортасы деген болжамын жария етті.

Монеталар Винсінге аралы Браха шіркеуіндегі қабірлердің бірінен геотермиялық жылыту орнату үшін жер қазып, құбыр төсеп жатқанда табылған.

Мұның археологтардың қызығушылығын тудырған себебі қабірден осы тектес қазынаны кейбір бұрын-соңды табылмаған.

Тауар тасымалдайтын зымыран

Қытайдың Space Epoch ғарыш компаниясының тауар таситын зымыран жасауды қолға алғаны мәлім болды.

Ол бір сағат ішінде әлемнің кез келген бұрышына тауар жеткізе алады.

Тауар тасымалдаушыны құрастыру үшін Юаньсин-1 зымыраны негізге алынды.

Король көпшілік алдына шықты

Ұлыбритания королі III Чарльз қатерлі ісік диагнозы қойылғаннан кейін патшайым Камилламен бірге алғаш рет көпшілік алдына шықты.

Жексенбі күні Пасха мерекесіне келген корольдің көтеріңкі көңіл-күйі туралы британдық БАҚ жазуда.

Бұдан біршама уақыт бұрын Ұлыбритания королі денсаулығына байланысты мемлекеттік қызметті уақытша атқармайтынын хабарлап, өзі үшін алаңдаған жұртшылыққа алғыс айтқан болатын.

Ақпарат көздерінен

ӘЛЕУМЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТ

Қаржы шын мұқтаждың қалтасына түседі

Қоғамдық маңызы зор әлеуметтік қорғау саласы қашанда игі істерге, жаңа бастамаларға, ауқымды жұмыстарға толы.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы әлеуметтік көмек адамның кірісіне емес, шығысына қарап анықталуы тиіс екеніне тоқталды.

Сонымен қатар, «Мансап» орталықтарының қызметкерлеріне жалақы төлеу мәселесін тұрақты жұмысқа орналастырылған адам санының (яғни 6 айдан кем емес зейнетақы мен өзге де аударымдары бар) нәтижесіне қарап төлеу тапсырмасы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жалақы төлеу әдістемесін пысықтауда.

Әлеуметтік келісім-шарт негізінде көмек алушылардың қатарындағы еңбекке жарамды жастағы 236 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен қамтылды.

Аз қамтылған отбасыларға коммуналдық қызмет шығындарын өтеу үшін 909 отбасына тұрғын үй көмегі көрсетілді.

қолдауды қажет ететін 5750 адам әлеуметтік төлемдермен қамтылса, бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж халықтың әлжуаз топтарынан шыққан 3 643 адамға қайырымдылық көмек көрсетілді.

«2024 жылға арналған жұмыспен қамтудың өңірлік жол картасы» шеңберінде 46475 жұмыс орнын ашу жоспарланса, 2 айдың қорытындысымен 10503 жұмыс орны ашылды.

«Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» шеңберінде 15305 адамды жұмыспен қамту көзделген.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 444 адам жолданды, олардың 302-сі оқу курсынан аяқтап, сертификат алды.

«Электронды еңбек біржасын» порталы арқылы онлайн оқудан өтті.

Облыс бойынша 16 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді, онда 211 жұмыс берудің 952 бос жұмыс орындары ұсынылып, жәрмеңкеге

қатысқан 1002 жұмыссыздың ішінен 316 адам тұрақты, 29 адам уақытша жұмысқа орналастырылып, 786-сы кеңес алды.

4086 адамға жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалды. 564 көпбалалы ұлттық жобаға қатысып, бос жұмыс орындарына 65, белсенді шараларға 499 адам жолданды.

«Бастау Бизнес» жобасымен кәсіпкерлік негіздері бойынша 32 адам оқыды.

3205 жас әртүрлі шаралармен қамтылды. «10 мың адамға 100 жұмыс орнын» құру тапсырмасына сәйкес 466 жұмыс орны құрылды.

«Жұмыспен қамтудың өңірлік картасы» шеңберінде осы жылы 280 жоба бойынша 171 жұмыс орны құрылды.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа орналастыру квотасы шеңберінде 12 адам еңбекпен қамтылды.

Облыс бойынша 16 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді, онда 211 жұмыс берудің 952 бос жұмыс орындары ұсынылып, жәрмеңкеге

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы

Жасөспірімдердің білгені жөн

Жұқпалы аурулардың ғылыми дәлелденуі оған қарсы күрес жүргізуге, болдырмау үшін алдын ала шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

Мәселен мерездің қоздырғышы ылғал, қолаңды жерде, сілекейде ұзақ өмір сүріп, өзіне тек адамда ғана болады.

Қазір жасөспірімдер арасында осы ауру көбеюде. Себебі жасөспірімдер бұл аурудың түрлері мен жүгу белгілерінің пайда болуын толық білмейді.

кыз балаларға ескерткен жөн. Бүгінде жыныстық білім алу қажеттілігі туралы мәселе әлі де талқыланады.

Айта кететін бір жайт, мерезбен ауырған адамдарда соз, трихомониаз тәрізді жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы аурулар да кездеседі.

Бұл жазылмас ауру емес. Оған шалдыққан әрбір адам айығудың бір келілі уақытылы дәрігерге көрініп, аурудан толық жазылуына үзбей емделуі екенін білгені жөн.

Салтанат ОСПАНОВА, облыстық тері-венерологиялық диспансерінің мейіргері


Шиелі, Жанақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 01.02.2017 жылғы №36 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидалары» башшылыққа ала отырып «Шиелі Жарығы» ЖШС – Қызылорда облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментіне электр энергиясын бөлшек сауда нарығындағы шекті бағасын 01.05.2024 жылдан бастап өзгерту жөніндегі ұсыныс жолдағандығын хабарлайды.

Электр энергиясымен бөлшек сауда нарығында жабдықтау шекті бағасының өзгеруі себептері: 01.01.2024 жылдан бастап Бірыңғай сатып алушы тарапынан босатылатын электр энергиясы бағасының 16,5%-ға өсімі, энергия тасымалдаушы ұйымдарының тарифтерінің 5-10%-ға өсімі, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету қызметінің – 73,3%-ға өсімі болып отыр.

«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі

Еске алу



Осыдан он жыл бұрын ардақты әріптесіміз Дарбаев Ғамзат Шынтөмірұлы 34 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Ғамзат Шынтөмірұлы 1980 жылы 22 қазанда Алматы қаласында дүниеге келген. 1999 жылы Қызылорда политехникумын «Кеден ісі» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2008-2014 жылдары Қызылорда облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Департаментінің (қаржы полициясы) аға тергеушісі, ақпараттық-талдау бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторы қызметінде болды.

Қызмет барысында ол өзін білімді, білікті маман ретінде көрсете білді. Әріптестерінің алдында абыройлы еді.

Қызмет етті әскери ол, салада, Бола білді досқа сыйлы, дара да. Ортамызда күліп, ойнап жүруші еді(і) Білінеді жолығың рас, арада.

Сурет қана жарамсызды жібітті, Маман еді, ең керемет, білікті. Қақпанына іліктерген сұм жағды, Отыз төртке енді толған жігітті.

Еді өзі, Алпамыстай нар тұлға, Толтыра алмас, орнын ақша, алтын да. Азаматың жоқтауменен жұқбайы, Ата-анасы, ұл-қызы қалды артында.

Жігіт еді өте зерек, қырағы, Ерте сонді амал нешік шырағы. Біз әріптес, жұмылдастар ұмытпайы, Жасап жүрміз артынан мол, дұғаны.

Жұмағынан жай бершінші Жасаған, Ажал жетсе ешбір пенде қаша алман, Еске алып әріптестер текті ұлды, Көздеріне ыстық-ыстық жас алған.

Еске алушылар қызметтес достары

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz



Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ МАРАТ АРАЛБАЕВ

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақилы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.